

Домбыралы ауылының көшелерін қайта атау және Кеңес, Малый Барап, Красный Горняк селоларының көшелеріне атаулар беру туралы

Ақмола облысы Ақкөл ауданы Кеңес селолық округі әкімінің 2009 жылғы 16 қыркүйектегі № 5 шешімі. Ақмола облысы Ақкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 қазанда № 1-3-121 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылдың 8 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Домбыралы ауылының және Кеңес, Малый Барап, Красный Горняк селоларының халқының пікірін ескере отырып, Кеңес селолық округінің әкімі

ШЕШІМ

ЕТТІ:

1. Домбыралы ауылының көшелері қайта аталсын:
 - 1) «Озерная» көшесін – «Достық» көшесіне,
 - 2) «Комсомольская» көшесін – «Алаш» көшесіне,
 - 3) «Центральная» көшесін – «Тәуелсіздік» көшесіне,
 - 4) «Советская» көшесін – «Азат» көшесіне,
 - 5) «Молодежная» көшесін – «Жастар» көшесіне,
 - 6) «Новая Молодежная» көшесін – «Болашақ» көшесіне.

2. Кеңес, Малый Барап, Красный Горняк селоларының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

Кеңес селосы:

- 1) № 1 көшеге – «Бейбітшілік» атауы,
- 2) № 2 көшеге – «Достық» атауы,
- 3) № 3 көшеге – «Сары-Арқа» атауы,
- 4) № 4 көшеге – «Желтоқсан» атауы,
- 5) № 5 көшеге – «Тәуелсіздік» атауы,
- 6) № 6 көшеге – «Жеңіс» атауы.

Малый Барап селосы:

- 1) № 1 көшеге – «Абай» атауы,
- 2) № 2 көшеге – «Қабанбай» атауы,
- 3) № 3 көшеге – «Абылай хан» атауы,
- 4) № 4 көшеге – «Шәкәрім Құдайбердиев» атауы,

5) № 5 көшеге – «Сәкен Сейфуллин» атауы.

Красный Горняк селосы:

1) № 1 көшеге – «Достық» атауы.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім Ақкөл ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап өз күшіне енеді және ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

К е ң е с с е л о л ы қ

округінің әкімі

Т.Әбдірахманов

КЕЛІСІЛДІ:

« А қ к ө л а у д а н д ы қ

м ә д е н и е т ж ә н е

тілдерді дамыту бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Б.Б.Әкімова

« А қ к ө л а у д а н д ы қ

с ә у л е т ж ә н е қ а л а

құрылысы бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің

бастығы

И.И.Карпова